

**Күштеп жоқ қылыш жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы мерзімді бірінші баяндаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 547 қаулысы

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 15 желтоқсанда ратификациялаған Күштеп жоқ қылыш жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияның 29-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Күштеп жоқ қылыш жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы мерзімді бірінші баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Күштеп жоқ қылыш жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы мерзімді бірінші баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Күштеп жоқ қылыш жіберу жөніндегі комитетіне жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*К. Мәсімов*

*Республикасы*

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан*

*Үкіметінің*

*2014*

*жылғы*

*27*

*мамырдағы*

*№*

*547*

*қаулысымен*

*бекітілген*

*Біріккен*

*Ұлттар*

*Ұйымының*

*Күштеп*

*жоқ*

*қылыш*

*жіберу*

*жөніндегі комитеті*

**Күштеп жоқ қылыш жіберуден барлық адамдарды қорғауға  
арналған халықаралық конвенцияны жүзеге асыру мақсатында  
Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы  
мерзімді бірінші баяндама**

*Мазмұны*

*1.*

*Кіріспе*

2.	1 - бөлім:	жалпы	мәліметтер
3.	2-бөлім:	баптар	бойынша ақпарат
1 ,	2 ,	3 ,	4
			және
			5 - баптар
			6 - б а п
			7 - б а п
			8 - б а п
9 ,	13 ,	14 ,	15
			және
		10	16 - баптар
			және
		11	11 - баптар
			1 2 - б а п
	17 ,	18	және
			2 0 - баптар
			1 9 - б а п
		2 1	- б а п
		2 2	- б а п
		2 3	- б а п
		2 4	- б а п

25-бап

## 1. Кіріспе

Осы мерзімді баяндама Біріккен Ұлттар Ұйымының Күштеп жоқ қылып жіберу жөніндегі комитетіне Қазақстан Республикасының мерзімді бірінші баяндамасы (бұдан әрі – баяндама) болып табылады және 2008 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2006 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған Күштеп жоқ қылып жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияның 29-бабының 1-тармағына сәйкес ұсынылды.

1. Баяндама адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтық актілер бойынша ұлттық баяндамаларды дайындау процесі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы ұснымдары на сәйкес жасалды.

2. Осы баяндама 2009 – 2013 жылдар кезеңін қамтиды.

3. Баяндаманы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен, Жоғарғы сотымен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Әділет министрлігімен ынтымақтаса отырып дайындалды.

## 2. 1-бөлім: жалпы мәліметтер

Өткен төрт жылда Қазақстан күштеп жоқ қылып жіберуден барлық адамдарды қорғау мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру саласында бірқатар маңызды реформалар жүргізді, сол арқылы өзінің республикада демократия қағидаттарын сақтауда және адам құқықтарын қамтамасыз етуде жалпы адамгершілік қағидаттарын шынайы ұстанатынын расады.

Мұндай қылмыстарға жол бермеу, жолын кесу және анықтау мәселелері мемлекеттік органдардың қызметінде басым бағыттардың бірі болып табылады.

Құқық қорғау және арнаулы органдарда мамандандырылған бөліністер жұмыс істейді, олардың міндеті адам ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру, адам саудасы фактілерінің алдын алу және ашу, осыған кінәлі адамдарды ұстау және заңда белгіленген жауапкершілікке тарту болып табылады.

Сонымен қатар күштік құрылымдардың қызметкерлері тарапынан құқық бұзушылықтардың, оның ішінде зансыз ұстаумен және құзет қамауына алумен байланысты фактілерді анықтау және жолын кесу мақсатында ішкі қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бөліністер жұмыс істейді.

Қазақстан өзінің иелігіндегі барлық ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кез келген адам құқықтарын бұзушылықтарға, әсіреле атамдарды құштеп ұрлауға және азаматтарды бас бостандығынан заңсыз айыруларға қарсы табанды

1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттама, 1926 жылғы 25 қыркүйектегі Құлдық туралы, 1950 жылғы 21 наурыздағы Адам саудасына және Үшінші адамдардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы курс туралы халықаралық конвенциялар ратификацияланды.

Ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелерінде бірізділік таныта отырып, Қазақстан Республикасы қабылдаған және Конвенцияның нормаларын одан әрі орындауға бағытталған бірқатар маңызды ережелерді бекіткен нормативтік құқықтық актілердің қатарына **мыналарды** **жатқызуға** **болады:**

1. Адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. Конвенция күштеп жоқ қылыш жіберулерге жатқызған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

3. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

4. «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.

5. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы  
Қазақстан Республикасының Заязы.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

7. «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау

түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы.

8. «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы.

9. «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 бұйрығы.

10. «Жазаны орындауда, арнайы мекемелерде адамдардың ұсталуында және бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарды бақылауда заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2012 жылғы 13 тамыздағы № 93 бұйрығы.

11. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығы, олармен:

Жазаны орындау мекемелеріне, тергеу изоляторларына келу қағидасы; Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидасы;

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті және тексеру өндірісін ұйымдастыру қағидасы;

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасы бекітілген.

### **3. 2-бөлім: балтар бойынша ақпарат**

#### **1, 2, 3, 4 және 5-балтар бойынша**

Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырылы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 16-бабында әрбір адамға және азаматқа оның жеке басының бостандығына кепілдік беріледі.

Жеке бас бостандығы әркімнің болатын, орын ауыстыратын және тұратын жерін таңдау күкірғын беріледі.

Занда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясының адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Қазақстанның ұлттық заңнамасында Конвенцияда айқындалған белгіленген түрдегі күштеп ұрлау үшін жауапкершілік 1997 жылы енгізілді және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125 (адам ұрлау), 126 (бас бостандығынан заңсыз айыру), 128 (адамды саудаға салу), 308 (ビルікті не қызыметтік өкілеттікті асыра пайдалану), 309 (лауазымды адамның өкілеттігін иемдену) және 346-баптарында (көрінеу заңсыз ұстau, қамауға алу немесе қамауда ұstau) көзделген.

Қазақстан Республикасының Парламентінде қараудағы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің жобасында қылмыстардың осы түрлері үшін қылмыстық жауапкершілік сақталған.

Бұл ретте, Кодекстің жоғарыда аталған жобасында (414-бап) күдіктіні ұстau фактісі және оның қайда екені туралы оның туысқандарына қасақана хабарламағаны, мұндай ақпаратты алуға құқығы бар азаматқа адамның қамауда ұсталатын орны туралы ақпаратты ұсынудан заңсыз бас тартқаны, сондай-ақ ұстau хаттамасын толтыру уақытын немесе накты ұстau уақытын бұрмалағаны үшін жауапкершілік көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде адам ұрлау деп жәбірленушіні құпия немесе ашық не алдау арқылы иемденуге, сондай-ақ оның болатын жерінен орнын ауыстыруға және еркінен тыс басқа жерде ұстauға бағытталған құқыққа қарсы қасақана жасалған әрекет түсініледі.

Бұл ретте, кінәлінің қарамағында жәбірленушінің болған уақыт кезеңі емес, ұрлаудың өзі басты факт болып табылады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, адамды ұрлау денсаулыққа ауыр зиян келтіру, зорлау немесе басқа да криминалдық әрекеттер қаупімен қоса жүреді және түрлі қылмыстық мақсаттарда болуы мүмкін.

Әрқашан жәбірленушіні ұстап алушмен және кейіннен оны оқшау ұстauмен байланысты болатын адамды ұрлауға қарағанда, бас бостандығынан заңсыз айыру кезінде жәбірленушінің өз еркімен болған ортасынан оны алып кету болмайды, бірақ оған осы ортадан (үй-жайдан) еркін шығу жолы жабылады, еркін жүріп-тұрудан шектеледі.

Адамдарды саудаға салу адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында басқа өзге де іс-әрекеттер жасау ретінде жіктелген.

Адамды күштеп жоқ қылып жіберумен байланысты лауазымды адамдар жасаған қылмыстар мемлекеттік қызыметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер ретінде сараланады.

Қазақстан күштеп жоқ қылып жіберу фактілерін уақытылы және риясыз тергеуді қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2009 – 2013 жылдары адам ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру және адамды саудаға салу фактілері бойынша сотқа жіберілген қылмыстық істер бойынша мәліметтер

Уақыт кезеңі	Қылмыстық кодекстің 125-бабы	Қылмыстық кодекстің 126-бабы	Қылмыстық кодекстің 128-бабы
2009 жыл	72	0	5
2010 жыл	69	97	15
2011 жыл	72	92	20
2012 жыл	61	17	7
2013 жыл	65	105	21

Адамның құқықтары мен бостандықтарының бастапқылығы мен ажырамастығын мемлекет қорғайтын жоғары әлеуметтік құндылықтар ретінде тани отырып, Қазақстан адам құқықтары саласындағы мына халықаралық шарттардың қатысушысы болды:

1956 жылғы Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша конвенция;

1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;

1984 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция;

2000 жылғы Бала құқықтары туралы конвенцияның бала сатуға, бала жезөкшелігіне және бала порнографиясына қатысты Факультативтік хаттамасы;

2000 жылғы Трансұлттық ұйымдастық қылмысқа қарсы конвенцияны толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама;

2002 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттама.

## 6-бап бойынша

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қылмыстық іс-әрекеттерді жасағаны үшін жауапкершілік күштеп жоқ қылып жіберу актісін жасаған адамға да, сол сияқты сыйбайластарына, оның ішінде ұйымдастырушыларға, айдан салушыларға және көмектесушілеріне де қатысты көзделген.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 28-бабы қылмысқа қатысушылардың түрлерін айқындайды, ұйымдастыруши, айдан салушы және көмектесуші орындаушылармен бірге қылмысқа қатысушы болып танылады.

Бұл ретте, қылмыс жасауды ұйымдастырган немесе оның орындалуына басшылық жасаған адам, сол сияқты ұйымдастық топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) немесе тұрақты қарулы топты (банданы) құрган не оларды басқарған адам үйимдастырышы дәп танылады.

Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдал салушы деп танылады.

Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюмен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуі деп танылады.

Уәкілеттілігі бар лауазымды адамдар жасаған қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, заңсыз ұстаулар және қамауға алу фактілерінің алдын алу, жолын кесу және анықтау бойынша шараптар қабылданады.

Жоғары тұрған басшылықтың бұйрықтарын орындау кезінде қүштеп жоқ қылып жіберуге жататын қылмыстарды жасау фактілері Қазақстан Республикасында тіркелген ж о к .

Бұл ретте, «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде қызметкер заңды басшылыққа алуға міндетті және оның қорғауында болатындығы туралы ереже айқын регламенттелген.

### **7-бап бойынша**

Қазақстанның ұлттық заңнамасында қарастырылып отырған қылмыстар үшін жауапкершілік жасалған қылмыстардың мән-жайларына және ауырлығына қарай ж і к т е л г е н .

Сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыстық жазалануы тиіс әрекеттер мынадай қылмыстарға бөлінеді:

онша ауыр емес (жасалғаны үшін ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекеттер);

ауырлығы орташа қылмыстар (жасалғаны үшін ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абаисызда жасалған әрекеттер);

ауыр қылмыстар (жасалғаны үшін ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекеттер);

аса ауыр қылмыстар (жасалғаны үшін он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана жасалған әрекеттер).

Қылмыстық қудалау органдары әрбір нақты жағдайда қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін де, ауырлататын да мән-жайларды назарға алады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 53-бабы қылмыстық жауаптылық

пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды белгілейді, олар: мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау;

айыпкердің кәмелетке толмауы;

жұктілік;

айыпкердің жас балалары болуы;

қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету, қылмыс салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдік зиянның орнын өз еркімен толтыру, қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-эрекеттер;

жеке басындық, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашығандық себебімен қылмыс жасау;

куштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыс жасау;

қажетті қорғанудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік қылмыс жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында, жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру кезінде қылмыс жасау;

қылмыс жасау үшін тұрткі болып табылған жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылмығы;

шын жүректен өкіну, айыбын мойындан келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенде жәрдемдесу.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 54-бабында қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар көзделген, олар:

қылмыстарды әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы;

қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру;

адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың), террористік топтың құрамында қылмыс жасау;

қылмыс жасағанда айрықша белсенде рөл атқару; айыпкер үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту;

ұлттық, нәсілдік және діни өшпендерлік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-эрекеті үшін кектенушілікten, сондай-ақ басқа қылмысты жасау немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыс жасау;

жүктілік жағдайы айыпкер үшін алдын ала белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға (14 жасқа дейін), басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не айыпкерге тәуелді адамға қатысты қылмыс жасау;

белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеуіне байланысты оған немесе оның туыстарына қатысты қылмыс жасау; аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыс жасау;

қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш немесе оларды бейнелеуші құрылғылар, арнайы дайындаған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық дәрі-дәрмектер пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпы қауіпті әдіс қолданып қылмыс жасау;

төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларын пайдаланып, сондай-ақ жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыс жасау;

алкогольдік, есірткілік немесе уытқылық еліту жағдайында қылмыс жасау. Сот қылмыстың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлатушы деп танымауга құқылы;

адамның өзі қабылдаған антын немесе кәсіби антын бұза отырып қылмыс жасауы;

қылмыскердің қызметі жағдайына немесе шартқа байланысты өзіне көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыс жасауы;

екімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау;

құқық қорғау органды қызметкерінің, судьяның өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып қылмыс жасауы.

## **8-бап бойынша**

Қылмыстық жауаптылықта тартудың ескіруі деп Қазақстанда қылмыс жасалған күннен бастап белгілі бір мерзімдердің өтуі түсініледі, бұл занда белгіленген шарттар болған кезде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 69-бабында қылмыстық жауаптылықта тартудың ескіру мерзімдері жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай сараланады, олар осы қылмыс үшін занда көзделген жазаның ауырлығынан көрініс табады.

Мәселен, егер қылмыс жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;

орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;

ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл;

аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ескіру мерзімін есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі ескіру мерзімін есептеудің басталған сәті қылмыс жасалған күн, ал соны сот үкімі занды қүшіне енген сәт болып табылатынын белгілейді.

Ескіру мерзімінің өтуі ол бұзылмаған жағдайда ғана қылмыстық жауаптылықтан босатады. Қылмыс жасаған адам тергеуден немесе сottan жалтарған барлық уақытта

ескіру мерзімінің өтуі қылмыскердің ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген сәтіне дейін тоқтатылады. Осы сәттен бастап ескіру мерзімінің өтуі жаңартылады. Егер қылмыс жасалған уақыттан бері жиырма бес жыл өтсе және ескіру мерзімі тоқтатылмаса, адам қылмыстық жауапқа тартылмайды.

### **9, 13, 14, 15 және 16-баптар бойынша**

Әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен белгіленеді.

Қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардалтардың басталған уақытына қарамастан, қылмыс жасалған уақыт деп танылады.

Республика аумағында қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық заңың қолданылуы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабымен реғламенттеледі.

Атап айтқанда, Қазақстанның аумағында қылмыс жасаған адам ұлттық заңнама бойынша жауапқа тартылуға тиіс. Қазақстанның аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс деп танылады. Бұл республиканың құрылыштық шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жасалған қылмыстарға да қолданылады.

Қазақстан Республикасының портына тіркелген және мемлекеттің шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыс жасаған адам, егер республиканың халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстанның қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адам да, олардың қай жерде болуына қарамастан, қылмыстық жауапқа тартылады.

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланған өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған жағдайда халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

Қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру мәселесі республиканың қылмыстық заңнамасында нормативтік реттелген.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-бабына сәйкес басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке ұстап берілмеуге тиіс.

Шет мемлекеттің азаматын ұстап беру туралы талаптарды орындау мәселелері сондай-ақ Қазақстанның Қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен регламенттеледі.

Атап айтқанда, шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасағаны үшін айыпталған немесе сottалған шет мемлекеттің азаматын ұстап беру туралы талапты Қазақстан Республикасының Бас прокуроры немесе ұстап беруді орындау үшін нұсқауы негіз болып табылатын уәкілетті прокурор қарайды.

Адамды ұстап беру туралы бірнеше мемлекеттің талаптары болған кезде адам қай

мемлекетке ұстап беруге жататыны туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қабылдауды.

Уағдаласуши Тараптар Конвенцияда белгіленген талаптарға сәйкес сұрау салу бойынша олардың аумақтарында жүрген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін бір-біріне ұстап беруге міндеттенеді.

Қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру сұрау салушы және сұрау салынатын Уағдаласуши Тараптардың ішкі заңнамасы бойынша қылмыстық жазаланатын болып табылатын және оларды жасағаны үшін кемінде бір жыл бас бостандығынан айыру түрінде немесе одан қатаң жаза көзделетін әрекеттер үшін жүргізді.

Жасалғаны үшін ұстап беруге сұрау салынған әрекет сұрау салынатын және сұрау салушы Уағдаласуши Тараптардың ішкі заңнамасы бойынша қылмыстық жазаланатын болып табыла ма деген мәселені шешу кезінде қылмыстың жекелеген белгілерін сипаттаудағы және пайдаланылатын терминологиядағы айырмашылықтар ескерілмейді

Адамдарды шет мемлекетке ұстап беру мәселелерінде Қазақстан олардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау бойынша, оның ішінде заңнамалық деңгейде барлық шараларды қабылдауды.

Айталық, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 532-бабының бірінші бөлігі жаңа ережемен толықтырылды, оған сәйкес сұраушы мемлекетте адам қинауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп ұйғаруға негіз болса, ұстап беру жүргізілмейді.

2009 – 2012 жылдары күштеп жоқ қылып жіберумен байланысты қылмыстарды жасағанына айыпталушы адамдар экстрадициялық тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында ұсталған жоқ, шет мемлекеттер мұндай адамдарды ұстап беруді талап еткен жоқ және басқа мемлекеттердің өтініштері бойынша қылмыстық қудалау жүзеге асырылған жоқ.

Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша мемлекеттерге өзара құқықтық көмек көрсету, оның ішінде жоғалып кеткен адамдарды іздестіру және жүрген жерлерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы мына Конвенцияларды ратификациялады:

1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция;

2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция.

Сондай-ақ өзара құқықтық көмек көрсету саласында Қазақстан қол қойған

халықаралық шарттардың қатарына мыналар жатады:

2004 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім;

2007 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, терроризмге және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім;

2009 жылғы 6 қазандығы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім;

2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің арасындағы кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылды туралы келісім;

2011 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт;

2011 жылғы 31 қазандығы Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасында Азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім.

## 10 және 11-баптар бойынша

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген жазадан құтылмаушылық қафидатына сәйкес қылмыс жасаған кез келген адам жазалауға немесе қылмыстық заңда көзделген қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын қолдануға жатады.

Қылмыстың жасалуына сезіктің ұстасы Қазақстанның ұлттық заңнамасында процессуалдық мәжбурлеу шарасы ретінде айқындалады. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу тек сottың санкциясымен ғана қолданылады.

Қылмыстық, оның ішінде күштеп жоқ қылышп жіберумен байланысты әрекеттер жасаған адамдар анықталған кезде міндettі түрде алдын ала тергеу жүргізіледі.

Баяндамада қарастырылып отырған қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер, ұлттық қauіpsіздік, қаржы полициясы органдарының тергеушілері және арнайы прокурорлар жүргізеді.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар құдікті немесе айыпталушы шетелдікті қамауда ұстасу орны немесе орнын өзгерту туралы хабарламаны 12 сағаттың ішінде Бас прокуратураға, Сыртқы істер және Ішкі істер министрліктеріне, Ұлттық қauіpsіздік комитетіне, сондай-ақ ол азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге өкілдігіне жібереді.

«Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстасу тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17

-бабымен сезіктілер мен айыпталушыларға қамауға алынған кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығысуға мүмкіндік беріледі. Жолығысулардың саны мен ұзақтығына шек қойылмайды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша өзі өкілі болып табылатын мемлекеттің сезікті немесе айыпталушы шетелдік адамына шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері ресми өкілдерінің жолығысуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының – олардың мұдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға  
құқығы

бар.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылмыс жасаған Қазақстан азаматтары, егер олар жасаған әрекет оның аумағында жасалған мемлекетте қылмыс деп танылса және егер осы адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, Қазақстанның қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға жатады. Көрсетілген адамдарды соттаған кезде жаза қылмыс аумағында жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғарғы шегінен аспауы тиіс. Азаматтығы жоқ адамдар да осындаи негіздерде жауапкершілікте болады.

Соңғы жылдары сот әділдігі жүйесінде азаматтардың құқықтарын қорғау жүйесі және биліктің сот тармағының тәуелсіздігі айтарлықтай күшейтілді. Судьяларды енді Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарынан, тәжірибелі судьялардан және саясаткерлерден тұратын Жоғарғы сот кеңесі іріктеиді. Жоғарғы Соттың құрамын Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты тағайындейды. Алқа билер сотын және мамандандырылған соттарды енгізу қағидаттық қадам болды.

Ратификацияланған халықаралық нормаларды сот практикасында белсенді қолдануды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2008 жылғы 10 шілдеде «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулы қабылдады, онда ол судьяларды Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатын республика қатысатын халықаралық шарттардың нормаларын басшылыққа алуға міндетtedі.

## 12-бап бойынша

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы есепке алу-тіркеу саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша бірқатар маңызды реформалар жүргізді.

«Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен жеке және занды тұлғалардың

өтініштерін қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібі белгіленді.

Прокуратура және ішкі істер органдарында «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдар мен өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 және «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу, азаматтарды қабылдау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 225

бұйрықтар

қ о л д а н ы л а д ы .

Нормативтік актілер мен нұсқаулықтардың көрсетілген тізбесі өтініштерді бақылауды және есепке алушы, сондай-ақ оларды уақытының қарауды толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің бастамасы бойынша 2009 жылдан бастап адам саудасына қарсы күрес бойынша «116 16» сенім телефоны жұмыс істейді, оған 2008 жылдың 1 қараша айынан Меморандумның шеңберінде Ішкі істер министрлігімен жұмыс істейтін «Дағдарыс орталықтары одағы» үкіметтік емес ұйымы қызмет көрсетеді.

Жыл сайын азаматтардан сенім телефонына бір мыңға жуық қонырау (адамдарды саудаға салу, адамды ұрлау және басқа фактілер туралы хабарламалар) келіп түседі.

Осылайша, күштеп жоқ қылып жіберудің құрбаны болған әрбір адамға мемлекет жүргіну және өтініштерді жедел, риясыз қарау құқығына кепілдік берді.

Қылмыстық процеске заңсыз араласудың жолын кесу мақсатында қылмыстық процеске қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын тұтысқандарының өмірін, денсаулығын, мүлкін, заңды құқықтарын, мұдделерін мемлекеттік қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесі қылмыстық іс жүргізу заңнамасында және «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының

Заңында көзделген.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 100-бабына сәйкес куәлардың, сезіктілердің, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысушы басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын тұстарының іс жүргізу қауіпсіздігінің

шаралары р е т і н д е :

1) қылмыстық процесті жүргізуші органның құш қолдану немесе қылмыстық заңда тыйым салынған басқа да әрекеттер қаупі шыққан адамға оны мүмкін болатын қылмыстық жауапқа тарту туралы ресми ескерту жасауы;

2) қорғалатын адам туралы мәліметтер алуға шек қою;

3) оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қылмыстық процеске қатысушыларға қатысты құш қолдану (қолдануды ұйымдастыру) немесе өзге де қылмысты әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) мүмкіндігін жоққа шығаратын бұлтартпау шараларын таңдау б е л г і л е н е д і .

Мемлекет	адамдарды	коргауға	барлығы:
2009	жылы	—	26 млн. тенге;
2010	жылы	—	28 млн. тенге;
2011	жылы	—	29 млн. тенге;
2012	жылы	—	26 млн. тенге;
2013	жылы	—	28 млн. тенге бөлді.

Жәбірленушілер қауіпсіз жалдамалы баспанамен, азық-түлікпен, киіммен, жеке құзетпен және арнайы қорғану құралдарымен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, тергеуге және сот процесіне кедергі келтіру фактілерінің жолын кесу мақсатында тиісті жазалау шараларымен қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Мәселен, сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіру мақсатында сottың қызметіне қандай да болмасын нысанда араласу ең төменгі есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейін бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Істі жан-жақты, толық және объективті тергеуге кедергі келтіру мақсатымен прокурордың, тергеушінің немесе анықтау жүргізуі адамның қызметіне қандай да болмасын нысанда араласу ең төменгі есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жүз секеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейін бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып жасаған көрсетілген әрекеттер ең төменгі есептік көрсеткіштің бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

## 17, 18 және 20-балтар бойынша

Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандықтарын тану, құрметтеу, сақтау және қорғау – Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған негізгі ережелер. Лауазымдық өкілеттіктерін асыру арқылы құқық қорғау бағытындағы құзырлы органдар қызметкерлерінің заңсыз ұстауға не қамауға алуға әкеп соғатын осы құқықтарды бұзуды Негізгі заңының нормаларын өрескел және шектен тыс елемеу фактісі болжағы .

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қаулысында маңызды құқықтық ұстаным тұжырымдалған, онда конституциялық-құқықтық мағынада «ұстау» деп құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шараларды қолдану мақсатында адамның жеке бас бостандығын жетпіс екі сағаттан аспайтын қысқа уақытқа шектеуден тұратын және уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар занда

көзделген негізде және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасын түсінген жөн.

«Соттың санкциясының адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады» деген конституциялық ереже осы көрсетілген уақыттан кешіктірмей соттың ұсталған адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де шараларды қолдану туралы шешім қабылдануы қажет немесе ұсталған адам босатылуға тиіс дегенді білдіреді.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі тиісті шешім қабылдауы үшін заң шығаруши одан да аз (жетпіс екі сағат шегіндегі) мерзімді белгілеуі мүмкін деп атап өтеді.

Азаматтарды ұстаған жағдайда ұстау мерзімінің басталуы олардың емін-еркін жүріп-тұру бостандығын шектеу, яғни адамның және азаматтың жеке бостандығын шектейтін белгілі бір жерлерде мәжбүрлеп ұстау, ішкі істер органдарына әкелу, оқшаулап ұстау сәті болып табылады. Ұстау хаттамасын толтырған кезде онда міндетті түрде нақты ұстау уақыты минутына дейін дәлдікпен көрсетілуі тиіс.

Сондай-ақ азаматтар ұстауды немесе қамауға алушы кім жүзеге асырғанын білуге құқылы. Бұған қоса, азамат оны ұстау немесе қамауға алушы себебі туралы ақпарат алуға, адвокат алуға, өзінің қай жерде екендігі туралы туысқандары мен таныстарына хабарлау үшін бір телефон қонырауына және сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауға

құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі соттың санкциясы талап етілмейтін адамды ұстаудың нақты уақыт шектерін айқыннадады.

Ұсталғаның, қамауға алынғаның қай жерде екендігі туралы туысқандарына хабарлау тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 138-бабымен

регламенттелген.

Сонымен қатар, ішкі істер органдарында жеткізілген адамдарды есепке алу журналдары қарастырылған, прокурорлардың кабинеттері үйымдастырылған, олар жеткізілген адамдардың болу негізділігін тексереді, шағымдар мен арыздарды қабылдауды жүзеге асырады. Адамдарды уақытша ұстау изоляторларына орналастыру уақыты көрсетілген изоляторлардың журналдарында белгіленеді.

Уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы және түзеу мекемелеріндегі адамдарға дene жарақаттарын келтіру фактілері, сондай-ақ оларға дene жарақаттары келтірілгені туралы шағым жасағандар анықталған жағдайларда бір тәулік ішінде міндетті түрде прокуратура органдары хабардар етіледі.

Қылмыс жасауда құдікті немесе айыпталушы адамдарды қамауда ұстау ұзақтығының жалпы мерзімдері, қамауда ұстау тәртібі мен шарттары, олардың құқықтары мен занды мүдделерінің кепілдігі, сондай-ақ қамауда ұстау орындарындағы қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы

Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бүйріғымен бекітілген Тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидасында, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерде реттелген.

Қылмыс жасаған адамды ұстau үшін жеткілікті негіздер қажет.

Қылмыстың жасалуына күдіктіні ұстau – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және қамауға алу түрінде оған бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шарасы.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруши орган ол үшін бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасағанына сезікті адамды мына негіздердің бірі болған жағдайда:

1) ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда;

2) көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тұра көрсетсе не ол адамды өздері ұстаса;

3) ол адамда немесе оның киімінде, өзінде немесе оның тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған кезде;

4) жедел іздестіру қызметінің занға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты ол жасаған немесе дайындалған жатқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде ұстauға құқылы.

Адамның қылмыс жасағандығына сезіктенуге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуға әрекет жасаған не оның тұрақты тұратын жері болмаған, немесе сезіктінің жеке басы анықталмаған жағдайлардаға ұсталады.

Бұлтартпау шараларының бірі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 150-бабында көзделген қамауға алу болып табылады.

Қамауға алу бұлтартпау шарасы ретінде соттың санкция беруіменға және заңмен екі жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана қылмыс жасаған деп және заңмен үш жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда қылмыс жасады деп айыпталушыға, сезіктіге қатыстыға жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы заңмен екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты, егер:

1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері болмаса;

2) оның жеке басы анықталмаса;

3) ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын бұзса;

4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға тырысса немесе жасырынса қолданылуы мүмкін.

«Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстau тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 4 және 5-баптарына сәйкес арнаулы мекемелерде ұстau зандылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік,

жеке бастың ар-намысы мен абыройын құрметтеу қағидаттарына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қылмыс жасаған деп арнаулы мекемелерде ұсталушы күдіктілер мен айыпталушыларды тәни немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштаспауға тиіс.

Адамдарды арнаулы мекемелерге орналастыру негіздері:

1) тергеу изоляторына (бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған, қылмыстың жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды) – судьяның қаулысы;

2) уақытша ұстай изоляторына (қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды) – тергеуші не анықтаушы толтырған ұстай хаттамасы (бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілерді, айыпталушыларды, сottалушыларды уақытша ұстай изоляторына орналастыру алыс болуына немесе тиісті жол қатынасының болмауына байланысты тергеу изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда, судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады);

3) арнаулы қабылдау орындарына (әкімшілік қамауға алынған адамдарды) – судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысы;

4) қабылдау-тарату орнына (белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын күэландыратын құжаттары жоқ адамдарды) – ішкі істер органдарының сот санкцияланады

қаулысы.

«Адамдарды қофамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстай тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес арнаулы мекемелерде ұсталушы адамдар ел Конституциясы мен заңдарында көзделген шектеулермен, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

Арнаулы мекемелерде ұсталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

«Адамдарды қофамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстай тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 4-тармағына сәйкес қылмыстық істі жүргізіп жатқан адам немесе орган Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес он екі сағат ішінде күдіктінің немесе айыпталушының туыстарының біріне оның қамауда ұсталу орны немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидаларында күдіктілер мен айыпталушыларды ұстай тәртібі, оның ішінде оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, сәлем-сауқатты, сәлемдемелерді қабылдау және беру, жеделхаттарды,

хаттарды, ақшалай аударымдарды беру, алу және жөнелту, ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды жіберу, діни рәсімдерді өткізу, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, күнделікті кездесу, серуендеу өткізу, күдіктілердің, айыпталушылардың және сottалушылардың тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету, күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау орны әкімшілігі басшысының және уәкілетті адамдардың жеке қабылдауында болу тәртібі белгіленеді.

Қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыс істеу дербестігінің сақталуын Конвенцияның қағидаттary мен ережелеріне шынайы берілгендей белгісі ретінде қарауға болады.

Осылайша, аталған құрылымның Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағына берілгеніне қарамастан, пенитенциарлық жүйе өзін республикалық деңгейде Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті және жергілікті деңгейде облыстық департаменттер ретінде дербес басқару органы етіп сақтап қалды.

Пенитенциарлық жүйе жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 673 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру 2009 жылы аяқталды.

Бағдарлама адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау жағдайларын, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жаксартуға, еңбекпен және т.б. қамтуға бағытталған, оны іске асыру үшін 3,1 млрд. тенгеден астам қарожат бөлінді.

Бағдарлама шеңберінде 4 түзеу мекемесі мен 2 тергеу изоляторы реконструкцияланып, 48 мекемеде 134 объектіге жөндеу жүргізілді.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітті.

Бағдарламада орта мерзімді перспективада: қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелерін медициналық жабдықпен және дәрілік құралдармен қамтамасыз етуге; туберкулезге қарсы мекемелерді салу мәселелерін пысықтауға, сондай-ақ қолда бар фтизиохирургиялық бөлімшелер базасында туберкулезben ауыратындарды емдеуге арналған бөлімшелер құралға;

түзеу мекемелеріндегі наркологиялық жағдайды мониторингілеу және бағалау жүйесін құруға, сондай-ақ мекемелердің психиатр-дәрігерлерін наркологиялық және ынталандыру консультация беру қағидаттарына оқытуға және т.б. бағытталған қосымша шаралар кешенін қабылдау көзделген.

Алдын ала тұтқындау және бас бостандығынан айыру орындарында тұтқындалғандармен қарым-қатынас жасаудың ең төменгі стандартты қағидаларға жауап беретін ұстаудың қауіпсіз және лайықты жағдайларын қамтамасыз ету мәселесі шешілуде.

Үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен барлық қамауға алу және бас бостандығынан айыру орындарында ұдайы негізде мониторинг жүргізілді.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар мен қоғамдық институттардың ұсынымдарын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде ұстau негіздерін, тәртібі мен шарттарын бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол ұстau, медициналық-санитариялық қызмет көрсету, бос уақыт және оқыту жағдайлары бөлігінде ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталатын адамдардың құқықтары мен занды мұдделерін сактауда көмек көрсету мақсатында оларға қоғамдық бақылауды жүзеге асыруды көздейді.

Заңнамалық түзетулерді іске асыру шенберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 702 қаулысымен Арнаулы мекемелерде қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қоғамдық бақылау комиссияларын құру қагидастырылады.

Бекітілген Қағидаға сәйкес комиссиялардың арнаулы мекемелерге кедергісіз баруға, онда ұсталатын контингентпен әңгімелесуге, олардың құқықтары мен занды мұдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдар қабылдауда

құқықтың баруға

Сондай-ақ комиссиялардың мүшелері арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз етумен байланысты мәселелер бойынша арнаулы мекемелердің әкімшілігіне және прокуратура органдарына өтініштермен жүргінуге

құқылы .

Елдің барлық өнірлерінде қоғамдық бақылау комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде, олардың құрамына үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдардың өкілдері кіреді .

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 19 қазандағы № 565 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының арнайы мақсаттағы бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа сәйкес қамауға алынған әрбір адамға сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды ұсташауда байланысты құжаттама және есепке алу мәселелері бойынша жеке іс ресімделеді.

Сотталғандар мен күдіктілердің, айыпталушылардың жеке істері соттарға және прокуратура органдарына жіберілуі мүмкін.

Заңнамада айқындалған жағдайларда сотталғанды оның жеке ісіндегі сот үкімдері мен қаулыларының көшірмелерінің, сондай-ақ мінездемелерінің мазмұнымен таныстыруға рұқсат етіледі.

**19-бап бойынша**

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен дербес деректерді жинаумен, өндөумен және қоргаумен байланысты қатынастар реттеледі.

Осы Заңың 11-бабына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялышының қамтамасыз етеді.

Бұл ретте кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялышының қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес алдын ала тергеу және анықтау органдарының деректерін жария етуге жол берілмейді.

Алдын ала тергеу деректері жариялауға жатпайды. Олар егер, бұл тергеу мүдделеріне қайшы келмесе және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, қандай көлемде мүмкін болса сол шамада тек тергеушінің, анықтаушының, прокурордың рұқсатымен ғана жария етілуі мүмкін.

## **21-бап бойынша**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бүйрығымен бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану Қағидасының 22-тармағына сәйкес сottalған босатылған кезде түзеу мекемесінің (тергеу изоляторының) әкімшілігі аумақтық орган үшін хабарлама жасайды. Басқа өнірде сottalған адамға сottalған жері бойынша облыстық аумақтық органы үшін хабарламаның қосымша данасы жасалады.

Сottalғандарды уақтылы босатуды қамтамасыз ету мақсатында жылына екі рет, қантардың және шілденің бірінші жұмыс күні жеке істердің құжаттарындағы бас бостандығынан айыру мерзімі туралы мәліметтерді сottalғандарға арналған есептік және мерзімді бақылау карточкаларындағы жазалау мерзімі туралы деректермен салыстыра тексеру жүргізіледі. Сottalғанға жазалау мерзімін айқындауда қандай да бір қателер мен түсінбеушіліктер анықталған кезде оларды жою бойынша дереу шаралар қабылданады.

Сottalғанда берешектің болуы, онымен есеп айырысуарды уақтылы жүргізбейу және басқа да себептер оны босатуды кешіктіру үшін негіз болып табылмайды.

Сottalғанды уақтылы босатпаудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізіліп, кінәлі лауазымды адамдарға шаралар қабылданады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын сottalғандарға белгіленген нысанданы босату туралы анықтамалар беріледі.

## **22-бап бойынша**

Конвенцияның 6-бабында көзделген әрекеттерді ескерту мәселесі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану Қағидасының 13, 14 және 18-тармақтарында көзделген.

Мәселен, тергеу изоляторының әкімшілігі оған қатысты тергеуші (анықтаушы) немесе сот қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасын тандаған адамды қамаған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей әліпбилік есептік карточкасы мен дактилоскопиялық картаны құрастырып, оның 3 данасын аумақтық органға жібереді.

Қамауға алынған (сотталған) адамның құжаттарында керегар мәліметтер анықталған жағдайда, тергеу изоляторының әкімшілігі тергеуді (анықтауды) жүзеге асыратын органның немесе соттың шынайы саулнамалық деректерін белгілеуге бастама

е т е д і .

Түзеу мекемесіне облыстың аумағында орналасқан басқа түзеу мекемелерінен (тергеу изоляторларынан) келген адамдар туралы 5 жұмыс күні ішінде осы облыстың аумақтық органы үшін сотталған (қамауға алынған) туралы хабарлама жасалып, ол кейіннен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетіне жіберілуі тиіс.

Көрсетілген нормаларды бұзы заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

### **23-бап бойынша**

Ішкі істер органдарының қызметкерлерін кәсіптік даярлау «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі соңғы төрт жылда АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының Заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандарды даярлауға арналған оқу орталығының (бұдан әрі – оқу орталығы) базасында ішкі істер органдарының 265 қызметкерінің қатысуымен 17 тренинг

е т к і з д і .

Мысалы, 2010 жылғы сәуірде Оқу орталығының базасында Қарағанды облысы ПД қызметкерлерінің, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің, жоғары оқу орындары студенттерінің қатысуымен «Сауданың және ұрлаудың құрбаны болмау жолдары» атты тақырыпта семинар-кеңес откізілді.

2013 жылғы 11-23 ақпан аралығында Халықаралық көші-қон ұйымы мен АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі сарапшыларының қатысуымен «Заңсыз көші-қонға, адам саудасына және адам ұрлауға қарсы іс-қимыл» тақырыбында тренинг откізілді, оған криминалдық және көші-қон полициясының қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық шарттарды зерделеу мәніне жыл сайын жаппай оқыту жүргізіледі.

«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес көрінеу заңға қайшы бұйрықты немесе нұсқауды орындау кезінде қызметкер заңды басшылыққа алуға міндettі және оның қорғауында б о л а д ы .

Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туындаған кезде ол бұл туралы өзінің тікелей басшысына және өкім берген басшыға жазбаша түрде дереке хабарлауы тиіс. Егер лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы осы өкімді жазбаша растаса және егер оны орындау қылмыстық жазалануға жататын іс-әрекеттерге әкеп соқпаса, қызметкер оны орындауға міндettі. Қызметкердің заңсыз өкімді орындау салдары үшін осы өкімді растаған басшы жауап береді.

## **24-бап бойынша**

Қазақстан Республикасының заңнамасы күштеп жоқ қылып жіберудің құрбанына келтірілген зиянның орнын толтыруды және оның әділ әрі барабар өтемақыға, сондай-ақ бұрынғы құқықтық, мүліктік жағдайын қалпына келтіруді, оңалтуды, сatisфакцияны, оның ішінде беделі мен абырайын қалпына келтіру құқығын қамтамасыз ететін нормаларды қамтиды.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 75-бабының талаптарына сәйкес жәбірленушіге қылмыспен келтірілген, оның ішінде Конвенцияда айқындалған мүліктік және моральдық зиянның орнын толтыру, сондай-ақ өкілге жүмсалған шығыстарды қоса алғанда, оның алдын ала тергеуде және сотта қатысуымен байланысты келтірілген шығындарын өтеу қамтамасыз етіледі.

Сот, қылмыстық қудалау органы күштеп жоғалтып жіберудің құрбандарын оңалту және заңсыз әрекеттердің, оның ішінде қылмыстық процесті жүргізетін құқық қорғау және (немесе) арнаулы органның заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңда көзделген барлық шараларды қабылдауы тиіс.

Заңсыз ұстау, қамауға алу және басқа да процессуалдық мәжбүрлеу шаралары нәтижесінде адамға келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсіне қарамастан, республикалық бюджеттен толық көлемде өтеледі. Азамат қайтыс болған жағдайда, зиянның орнын толтыру құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне қөшеді.

Күштеп жоғалтып жіберудің мән-жайлары мен жоғалып кеткен адамдардың тағдырын анықтауда көмек көрсетумен айналысатын үйымдар мен қауымдастықтар құру құқығын қамтамасыз ету бөлігінде мемлекет осындай қызметті халықаралық нормалар мен стандарттарға жақыннату бойынша шаралар қабылданап жатқанын атап өтү қажет.

Қазіргі уақытта тергеу қамауындағылар мен сотталғандарға құқықтық, консультациялық, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету түрінде бірлескен жобаларды іске асыру арқылы 42 қоғамдық бірлестікпен сындарлы ынтымақтастыққа қол жеткізілді.

Қамауда және бастапқы қамауға алу орындарында ұсталатын адамдар

құқықтарының сақталуына қоғамдық мониторинг институтын дамыту мақсатында Ішкі істер министрлігі 2006 жылдан бастап «Адам құқықтары үшін хартия» қоғамдық қорымен бірлесіп, Алматы, Өскемен, Тараз, Шымкент және Ақтөбе қалаларында «Уақытша ұстau изоляторлары мен полиция участеклеріндегі ұсталғандардың, күдіктілердің, айыпталушылардың құқықтарының сақталуын мониторингілеу»

жобасын

іске

асыруда.

Елдің барлық өнірлерінде құрамына үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдардың өкілдері кіретін қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс істейді.

## 25-бап бойынша

Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияны, Бала еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы Халықаралық еңбек ұйымының № 182 конвенциясын, сондай-ақ Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары туралы конвенцияның Факультативтік хаттамасын ратификациялап, балаларды жан-жақты қорғауды жақтастынын көрсетті.

2006 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты Конвенцияның Факультативтік хаттамасын іске асыру бойынша бірінші есеп дайындал, Бала құқықтары комитетіне жіберді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Балаларды қорғау және шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялады, ол басқа мемлекеттердегі балалардың тағдырын бақылау құқығын береді.

Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық аспектілері туралы конвенцияға қосылу туралы мәселені шешу бойынша жұмыс басталды. Оның мақсаты балаларды күштеп ұрлаудан, заңсыз орнын ауыстырудан немесе күштеп ұстаудан халықаралық қорғауды қамтамасыз ету және оларды бұрынғы тұрғылықты жерінің мемлекетіне жылдам қайтару рәсімдерін анықтау болып табылады.

2011 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, ол кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды жасаған адамдардың қылмыстық жауапкершілігін елеулі күшетті.

Қазақстан Республикасының аумағында қатыгездікке табынуды, зорлық-зомбылық пен порнографияны насихаттауға бағытталған мәліметтер мен материалдарды қамтитын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Ішкі істер министрлігі тұрмыстық зорлық-зомбылықты, сексуалдық және экономикалық жағынан қанауды, күштеп жоғалтып жіберуді және балаларды

саудалауды қоса алғанда, қылмыс құрбандары және/немесе куәгерлері болған балаларды қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

2008 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 – 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1067 қаулысымен оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

бекітілді.

Соттылығына кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істер және кәмелетке толмағандардың құқықтарын тікелей бұзатын қылмыстар туралы қылмыстық істер ғана емес, сондай-ақ баланың тұрғылықты жерін айқындау, ата-аналар құқықтарынан айыру (шектеу) және оны қалпына келтіру, баланы асырап алу; кәмелетке толмаған балаларға қамқорлық және қорғаншылық (патронат) танытудан туындастырын даулы мәселелер бойынша; әкімшілік құқық бұзушылық (кәмелетке толмағандардың құқықтарына қолсұғушылық – ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындауы, кәмелетке толмағанды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту) және басқалары туралы істер азаматтық істер жататын кешенді юрисдикция соттары болып табылатын ювенальды соттар жұмысын сәтті жалғастыруды.

Балалар туралы қазақстандық заңнаманың негізіне балаларға қатысты мемлекеттік саясатқа қойылатын негізгі талаптарды қамтитын БҰҰ-ның маңызды халықаралық құқықтық жұматтары алды .

Балалардың өмірге, ар-намысы мен абыройын қорғауға, жеке қолсұғылмаушылыққа, баспанага, білім алуға, әлеуметтік қамтамасыз етуге және әлеуметтік қызмет көрсетуге, денсаулық сақтауға және медициналық көмекке, мәдени құндылықтарға қол жеткізуға және басқаға да аса маңызды құқықтары заңнамалық түрде қамтамасыз етілген .

Қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және басқалары балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғайды.

Республикада заңнамалық базаны жүйелі түрде жаңарту және жетілдіру үдайы жүргізіледі .

2013 жылды жетім балаларды қорғау мәселелеріне жаңа тәсілдерді көздейтін және балалардың жағдайын жақсарту мен олардың құқықтарын қорғауға бағытталған

мынадай бірқатар заңнамалық актілер қабылданды:  
«Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» 2013 жылғы 14 қаңтардағы  
Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»  
2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік  
қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013  
жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік  
көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу  
туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекет кепілдік  
берген заң көмегін ұсыну жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының  
Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың,  
ата-анасының қамқорлығының қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын  
қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013  
жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

Сонымен қатар, 2012 жылғы 13 қарашада республика Балаларды халықаралық  
ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияны ратификациялады.

Қазіргі уақытта осы Конвенцияның ережелерін іске асyrу үшін жауапты үекілетті  
органды айқындау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мәселен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың  
құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының  
Заңымен «баланы экономикалық жағынан қанау» ұғымы енгізілді және баланың  
экономикалық жағынан қанаудан қорғану құқығы бекітілді.

Осы Заңмен балалар еңбегін шектеу белгіленді және балаларды олардың дене  
бітімінің дамуына, сапалы білім алу мүмкіндігіне зиян келтіретін балалар еңбегінің ең  
жаман түрлеріне тартқаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген.

2013 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың  
және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын  
іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін  
жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан  
Республикасының Заңы қабылданды. Заңның мақсаты – бас бостандығынан айыру

орындары мен қамауда ұстай орындарына тәуелсіз мониторингті қамтамасыз ету болып табылады. Заңға сәйкес Қемелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары мен девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру үйымдары баруға жа та ды .

2012 жылы «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобалары

әзірленді.

Заң жобалары Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілерінде кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық кепілдіктерін бекітетін, балалардың арасындағы ақпараттық айналымның шарттары мен тәртібін айқындайтын, заңды және жеке тұлғаларға кәмелетке толмағандарды ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелетін нормаларды іске асыру мақсатында

әзірленді.

Сондай-ақ 2013 жылы балаларға қарсы жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жаңа жобалары Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілді.

Мемлекеттік органдар азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панаңыз қалуының, балалардың суицидтік мінез-құлқының, оларға қатыгез қараудың, зорлық-зомбылық көрсетудің, балалар еңбегін пайдаланудың алдын алу бойынша жүйелі саясат жүргізуде.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыз және панаңыз қалуын ескерту, балалардың мектептерге бармауының алдын алу және әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған отбасылар балаларына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізіледі.

Акция шенберінде сомасы 2 млрд. астам теңгеге 300 мыңдан астам бала көмек алды

Тоқсан сайын «Тұнгі қаладағы балалар» атты рейтер өткізіледі. 2013 жылы балалардың құқықтарын қорғау басқармалары ішкі істер органдарымен бірлесіп, 6,2 мыңдан астам объектіге (2505 – ойын-сауық орындары, 1083 – үйлердің жертөлелері, 685 – компьютерлік клубтар, 1020 – саябақтар, 895 – вокзалдар және т.б.) тексеріс өткізілді .

Рейдердің нәтижелері бойынша 3 мың кәмелетке толмаған анықталды, оның ішінде 1,2 мыңдан астам бала сағат 23-00-ден кейін үйден тыс жерде болған, 300-ге жуық жасөпірім алкогольге және есірткіге мас күйде болған, 1,5 мың бала күндізгі

уақытта қоғамдық орындарда, компьютерлік клубтарда, вокзалдарда және басқа да мекемелерде анықталды.

Рейдтердің шенберінде балалар енбегін пайдаланудың 179 фактісі (12 бала асхана жұмыскерлері, 11-і даяши, 18-і машина жуушы ретінде, 52-сі базарда, 20-сы құрылышта жұмыс істеген және 66-сы қайыр сұраған) анықтады.

Кәмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктер мен темекі бүйымдарын сатқаны үшін 126 сауда қызметкері әкімшілік жаупкершілікке тартылды. Рейдтер барысында 5,5 мың қолайсыз отбасына бару жүзеге асырылды.

Корытындысы бойынша әкімдіктерге заңнаманы бұзушыларға шаралар қабылдау және рейдтердің корытындыларын кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың отырыстарында қарау туралы хаттар жолданы.

Кәмелетке толмағандардың тұнгі уақытта ойын-сауық орындарында болғаны үшін 2013 жылы 1106 ойын-сауық мекемесінің меншік иесі, сондай-ақ 2,8 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жаупкершілікке тартылды.

2013 жылдың 12 айында полиция қызметкерлері мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, құқық тақырыбында 109 мыңнан астам (2012 жылы – 104 мың), оның ішінде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы түсіндіруге бағытталған оқу орындарында 74 мыңнан астам (2012 жылы – 75 мың) және БАҚ-та 4,7 мың (2012 жылы – 4,2 мың) сөз сөйлеу өткізді.

Кәмелетке толмағандардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жазғы каникул кезеңінде, сондай-ақ ішкі істер органдарының есептерінде тұрған жасөспірімдерді жұмыспен қамту мақсатында «Жұмыспен қамту» акциясы өткізіледі.

Ішкі істер органдары мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қолайсыз отбасыларда тұратын балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырудан.

Мәселен, 2013 жылдың 12 айында ішкі істер органдарының есебінде 12 мыңнан астам қолайсыз отбасы тұрады, оларда 19 мыңнан астам бала тұрып жатыр, олармен жағдайда сауықтыруға және балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан және отбасындағы қатығез қараудан қорғауға бағытталған профилактикалық жұмыс жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп, қолайсыз отбасылардың 10 мыңға жуық тұрмыстық-тұрғын үй жағдайларын зерттеу жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде, түзелуіне байланысты 6,6 мыңнан астам қолайсыз отбасы ішкі істер органдарының есебінен алынды, оларда 11 мыңға жуық бала тұрады.

Сонымен қатар, 2013 жылы ата-аналық міндеттерін орындағайтын, сондай-ақ балаларын қауіпке ұшырататын 734 ата-ана (2012 жылы – 786) ата-аналық

Балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындағаны үшін 3,9 мыңнан астам ата-ана немесе олардың орнындағы адам (Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 111-бабы) жауапкершілікке тартылды, ата-аналарының немесе олардың міндеттерін орындағын адамдардың тарарапынан балаларға қатыгез қарau фактілері бойынша 34 (2012 жылы – 20) қылмыстық іс (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 137-бабы) қозғалды.

Құқық бұзушылықтардың ерте алдын алу мақсатында қолайсыз және аз қамтылған отбасылардың балалары мен жасөспірімдерін пайдалы уақыт өткізуге тарту бойынша ж ұ м ы с жүргізіледі.

Мәселен, 2013 жылы 700 мыңнан астам кәмелетке толмаған бала бос уақытын өткізумен қамтылған, оның ішінде ішкі істер органдарының есебінде тұрған 7 мыңнан астам бала және қолайсыз отбасыларда тәрбиленетін 16 мыңнан астам бала.

Сонымен қатар ішкі істер органдарының есебінде тұрған және қолайсыз отбасыларда тұратын 6 мыңнан астам кәмелетке толмаған аула клубтарына барады.

Кәмелетке толмағандардың дағдарыстық жағдайдан шығуына жедел көмек көрсету, оларды орналастыру, баланы отбасымен біріктіру және одан әрі отбасын сүйемелдеу үшін республикада 18 Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (КБО) жұмыс істейді, олар ішкі істер органдарының жүйесінде болған және Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, оңалту және бейімдеу орталықтары деп аталған, оларды білім беру жүйесіне бергеннен кейін олар Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары болып қайта аталды. Құқық қорғау жүйесінің бірінен білім беру жүйесіне көшіруді әлемдік үрдістер аясында қоғамды ізгілендіру мақсатында БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 45 сессиясы ұсынды.

Өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, білім беру мекемелерінде және оларға іргелес аумақтарда бейнебақылау камераларын орнату, сондай-ақ пластикалық карточкаларды пайдалана отырып, бақылау-өткізу режимін енгізу бойынша іс-шаралар өткізілуде.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен бейнебақылау камералары 1131 оқу орнында орнатылды.

Оқушылардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесінде мектептегі полиция инспекторлары маңызды рөл атқарады, олардың саны 1798 бірлікті құрайды. Олардың басшылық етуімен 4,2 мың ерікті полицияның жас көмекшілері жұмыс істейді, оларға 47 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысады.

Білім беру ұйымдарының әкілдерімен және ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, олар 2013 жылы 20 мыңнан астам рейдтік іс-шара өткізді, олардың шенберінде 5,4 мың (2012 жылы – 5 мың) құқық бұзушылық анықталды, мектеп ішіндегі есепте тұрған 16 мыңға жуық жасөспірімге және 10 мыңнан астам қолайыз отбасыға тұрғылықты жері бойынша бару жүзеге асырылды.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері 2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан

Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 11-ші отырысында қаралды. Қорытындысы бойынша қабылданған ұсынымдар орындау және шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға жіберілді.

Балаларға зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын алу мақсатында республикада алғаш рет халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың қолдауымен «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты кең ауқымды жалпыұлттық ақпараттық науқан өткізіліп, оған 2 млн. астам бала, 1 млн. астам ата-аналар жүртшылығының өкілдері қатысты.

2013 жылы БҰҰ-ның Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) бірлесіп, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және оларға қатыгез қараудың алдын алу мәселесі бойынша халықаралық сарапшылардың қатысуымен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықпен бірлесіп, 4 конференция мен дөңгелек үстел өткізілді.

Сонымен бірге, ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі Уәкілмен бірлесіп, мектептердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі бойынша Қазақстанның 4 өнірінде зерттеу жүргізді. 2013 жылы балалардың агрессиялық деңгейін және кәмелетке толмағандардың арасындағы қатыгез қарау және зорлық-зомбылық көріністерін айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Балаларға қатысты қатыгез қараудың алдын алу және ескерту туралы әдістемелік ұсынымдар барлық білім беру ұйымдарына жіберілді. Педагогтардың, психологтардың біліктілігін арттыру бағдарламасына «Отбасындағы қолайсыздықты ерте анықтау және отбасымен өзара іс-қимыл жасасу», «Қын өмір жағдайларында табандылық таныту» және т.б. тақырыптары қосылды.

Балаларды пайдалану туралы жүртшылықты хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері «Зияткерлік еңбек әйелдерінің одағы» қоғамдық бірлестігімен және Халықаралық еңбек ұйымымен бірлесіп, жыл сайын 1-12 маусым аралығында «Балалар еңбегіне қарсы 12 күндік курс» атты Ұлттық ақпараттық науқанды (бұдан әрі – ҰАН) өткіздеді.

Жыл сайын ҰАН-ның іс-шараларымен 1,2 миллионнан астам кәмелетке толмаған және 200 мыңдан астам ересек адам қамтылады.

Республикада отбасы институтының беделін арттыруға, қоғамда үздік отбасы дәстүрлерін насиҳаттауға, дені сау және адамгершілік тұрғыдан сауатты ұрпақты тәрбиелеуде отбасының еңбегін тануға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүйелі негізде өткізіледі.

Білім беру ұйымдарында рухани-адамгершілік құндылықтарды, неке мен отбасын нағайту негіздерін насиҳаттау іске асырылады.

Сонымен бірге, Астана қаласында Отбасылық тәрбие институты (бұдан әрі – институт) жұмыс істейді, оның негізгі міндеті – білім беру қызметкерлері мен

ата-аналардың психологиялық мәдениеті мен психологиялық біліктілігінің деңгейін арттыру б о л ы п т а б ы л а д ы .

2012 жылдан бастап институттың базасында отбасылық тәрбие бойынша біліктілікті арттыру және кадрларды даярлау курсы бойынша 490 педагог пен психолог оқудан өтті. Оқу курсының бағдарламасы 835 теориялық және практикалық сағатты құрайды.

Сондай-ақ институт ата-аналар үшін «Семейное воспитание: как стать хорошим родителем» әдістемелік ұсынымдарын, психологтар мен ата-аналарға арналған «Счастливая семья» атты отбасылық тәрбие бойынша оқу курсын әзірледі.

Жыл сайын Астана қаласының 1000 астам ата-анасы педагогикалық және психологиялық мәдениетті арттыру үшін педагогикалық шеберлік мектебіне барады. 2013 жылдан бастап республиканың 5 өнірінде отбасылық тәрбие орталықтары ашылады.

2013 жылдан бастап «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына сәйкес республикада Отбасы күні мерекеленеді. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар отбасы және балалар проблемаларымен айналысатын қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, республиканың барлық өнірлерінде идеологиялық мазмұны қазақстандық отбасының оң имиджін насиҳаттауға бағытталған іс-шаралар өткіздеді.

Іс-шаралар шенберінде ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер, «дөңгелек үстелдер», ток-шоу, отбасылық көпшілік мерекелер, әдеби-поэзиялық кештер, отбасылық-спорттық эстафеталар, сондай-ақ отбасылық шығармашылықтан әр түрлі фестивальдар, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциялары және т.б.

өткізілді .

2013 жылғы 8 қыркүйекте арнайы ашылған 500 консультациялық пунктте отбасылық тәрбие бойынша еліміздің ата-аналар жүртшылығына арналған «Что может быть семьи дороже?» атты кең ауқымды тегін республикалық акция өткізілді. Республиканың мектептерінде «Проктер энд Гэмбл Қазақстан» компаниясының қолдау көрсетуімен оқушылар арасында «Анашым, саған мың да бір раҳмет» атты шығармалар конкурсы дәстүрлі түрде ұйымдастырылды.

2010 жылдан бастап, жыл сайын Халықаралық отбасы күнін мерекелеу шенберінде республиканың барлық өнірлерінде «Мөлдір бұлақтан» отбасылық шығармашылық фестивалі өткізіледі, оның негізгі мақсаты балалы отбасыларды көтермелеу, негізгі отбасылық құндылықтарды нығайту, қазақстандық отбасының беделін арттыру болып табылады. 2013 жылды 15 мың отбасы отбасылық шығармашылық фестивалінің қатысуышы б о л д ы .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан балалары»

атты ғылыми-әдістемелік журнал шығарады, онда басқа мәселелермен қатар отбасы дәстүрлерін, отбасы тәрбиесін жаңарту мәселелері жарияланып, отбасылық құндылықтар және т.б. насиҳатталады.

Сонымен бірге «Отбасы және балабақша», «Семейное воспитание», «Как стать хорошим родителем», «Справочник классного руководителя» және «Библиотека классного руководителя» атты журналдар шығарылады.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жұртшылықпен байланыс балалық шақ, отбасылық қатынастарды нығайту мәселелерін шешуде ерекше рөл атқарады.

Ол үшін әлеуметтік жетімдікті ескерту, кәмелетке толмағандардың арасында қадағалаусыз және қараусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасы құндылықтарын және отбасылық тәрбиені насиҳаттау мақсатында теле- және радиобағдарламалаларды жасау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Адамды адамгершілік-рухани дамыту, балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, баланың толыққанды дамуы үшін отбасының тәрбие функцияларын іске асыру мәселелері БАҚ-та ұдайы жарияланады.

Балалардың, оның ішінде мемлекеттік және жеке меншік мекемелерде ұсталатын, жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығының қалған балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың сақталуына бақылау жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2013 жылы 165 білім беру органы мен ұйымын, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған мекемелерді балалардың құқықтарын сактауына тексеру жүзеге асырылды, оның ішінде тамақтануды ұйымдастыру, мектепке бару, мектептері жоқ елді мекендерден мектеп оқушыларын жеткізу мәселелері бойынша 92 объект, сондай-ақ тоғыз өнірдегі (Астана, Алматы қалалары, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстары) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының қызметі тексерілді.

Тексеру барысында заң бұзушылықтары анықталды, оның нәтижелері бойынша мынадай шаралар қабылданды: 12 лауазымды адам атқарып отырған лауазымдарынан босатылды, оның ішінде балалар үйінің 4 басшысы, 1-үі уақытша жұмыстан шеттетілді, 3-үі әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 72 адамға қатысты тәртіптік ықпал ету шаралары .

Балалардың құқықтарын қорғаудың пәрменді тетіктерінің бірі балаларды және олардың ата-атаналарын өздерінің құқықтары туралы құқықтық ағарту болып табылады .

Балалардың және жасөспірімдердің Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының ережелері мен баптары жөнінде хабардар болуын арттыру үшін республикалық іс-шаралар: форумдар, саммиттер, конференциялар, дебаттар және т.б. өткізіледі. Іс-шараларды өткізуге халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар мен бірлестіктер,

ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдері, меценаттар және т.б. белсенді қатысады.

Әрбір балаға саяси-құқықтық білімнің қажетті көлемін ұсыну мақсатында мектептерде «Өзін-өзі тану» («Адам және қоғам» бөлімі) және «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері оқытылады. Сондай-ақ білім беру ұйымдарында факультативтер, сынып сағаттары, мектептен тыс іс-шаралар өткізіледі. Оқушылар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізетін мектептің насиҳат бригадалары жұмыс істейді.

Жыл сайын республикада «БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен бірге балалық шақ әлемі» онкүндігі өткізіледі, оның негізгі мақсаты – құқықтық мәдениет және Конвенцияның негізгі ережелері туралы балалар мен олардың ата-аналарының х а б а р д а р

б о л у ы н

а р т т ы р у .

Жыл сайын республиканың қалалық және ауылдық өнірлерінің 800 мыңдан астам баланы қамтитын Конвенция ережелері туралы балалардың хабардар болуы туралы әлеуметтік зерттеулер құқықтық ағарту және балалардың өздерінің құқықтарын білу деңгейі өсіп келе жатқанын көрсетеді. Егер 2010 жылы ол 56 %-ды құраса, 2013 жылы бұл

көрсеткіш

–

81

% - ды

құрады.

Балалармен жұмыс істейтін мамандардың хабардар болуын арттыру мәселесіне айтарлықтай

н а з а р

аударылады.

Өнірлерде және орталық деңгейде балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша педагогикалық, ата-аналар жүртшылығы, сот және құқық қорғау органдарының өкілдерімен оқып-үйрететін курстар, тренингтер үдайы өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің және балалардың құқықтарын қорғау басқармаларының [www.bala-kkk.kz](http://www.bala-kkk.kz) сайтында балалар мен ата-аналарға қажетті ақпарат орналасқан айдарап

а ш ы л ғ а н .

Сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау тетіктерінің бірі шағымдар мен өтініштерді қарау болып табылады. Балалар және олардың ата-аналары олардың құқықтары бұзылса, қайда жүгінуге болатынын біледі. 210 сенім телефоны, блогтар мен

с а й т т а р

жұмыс

і ст ей д і .

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл жандандырылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ведомствоаралық комиссия өз жұмысын жалғастыруда, оның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

2013 жылы жергілікті атқарушы органдармен бірге даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклузивті білім беру және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды түрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері бойынша бейнеконференция режимінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның

12-ші

отырысы

өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің жанынан құрылған Үкіметтік емес ұйымдардың кеңесі жұмыс істейді, оның құрамына үкіметтік емес ұйымдардың 37 өкілі кірді.

2013 жылғы сәуірде Павлодар қаласында «Әлеуметтік жетімдіктің алдын алуда ҮЕҰ-ның және мемлекеттік органдардың күшін біріктіру» тақырыбында Кеңестің IV кеңейтілген

отырысы

өткізді.

БҰҰ-ның «ЮНИСЕФ» Балалар қорының «Балаларға мейірімді қала» бірлескен жобасы шеңберінде атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мен 20 әкімдіктің арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Нәтижесінде халықаралық бастаманы іске асыратын Қазақстан Республикасының қалаларында мынадай жобалар енгізіледі: «Аула клубы – балалардың мұддесі үшін қозғалыс», ата-аналарға арналған «Бақытты отбасы» клубы (Астана қаласы), «Балаға достықпен қарайтын емханалар», «Балаларға достық пейілді кітапханалар (Қарағанды облысының Балқаш қаласы), «Әкелердің ақыл-кеңесі» (Қарағанды облысының Сәтпаев қаласы), Отбасы мен балалық шақты қолдау орталығы, Проблемалық отбасы орталығы (Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласы) жұмыс істейді, балалар мәслихаттары (Павлодар, Аксу, Екібастұз, Балқаш, Қызылорда, Өскемен қалалары) құрылған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК